

## Тақырыбы: «Балабақша және ата- ана»

Ой санасы дамыған, адамгершілік және дене тұрғысынан салауатты, мәдениетті тұлғаны жан- жақты қалыптастыруды көздеген тәрбиенің мәселелері де, ата- ананы да әрқашан толғандырып келеді. Тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі балабақша мен ата- аналар арасындағы ынтымақтастық қарым- қатынаста. Өйткені адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы ата- ана: *«Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған- туыстарына деген сүйіспеншіліктен басталады.»* - деп Елбасы айтқандай, бала әкеден – ақыл, анадан – мейір алып өседі. Қай ата- ана болмасын баласының тәрбиелі, білімді, мәдениетті болуын қалайды. Ал адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі баланың ата- анасына ардақ тұтып, өзінің перзеттік парызын бір сәтке де есінен шығармауында.

Әрбір жиналысты өткізер алдында әрбір баланың ата- анасымен кездескен дұрыс. Ата- аналармен жұмыс жүргізудің негізі – алдын ала жоспарлау, алға мақсат қою, оны қалайда орындау.

1. Біз мектепке барамыз бағдарлама мен таныстыру .
2. Ата- аналар комитетінің сайлау.
4. Ата- аналарға педагогикалық тақырыптардағы әңгіме, баяндамалар оқып, түрлі басылымдардан, әдебиеттерден қажетті ұсыныстар мен пікірлер оқуды тапсыру.
5. Белсенді ата- аналарды бсашылыққа алу, үлгі- өнеге ету.

Осындай түрлі жұмыстар жүргізу – менің әр күнгі төл ісім болып саналады. Үйіне барып байланыс жасаған кезде сол оқушының мінез- құлқын, бейімділігін, сынып ішіндегі оқушылармен қарым-қатынасын, қоғамдық жүктемені орындауын айта келіп, сол жанұяға тән қажетті нәрселерді ескеріп отырамын. Мұндай байланыс сынып жетекшісінің жұмысына жеңілдік келтіреді, тезірек орындалуына себебін тигізеді.

### Жиналыстың барысы:

Бала тәрбиесі ұласатын асыл құндылықтар үлкендердің әңгіме желісінен, іс- қимылынан танылып, сезім жіптері арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білу үрдісінің мәні зор. Қалыптасқан тәлім- тәрбиелік әдеттері, рәсімдері мен салт- саналық дәстүрлері жас ұрпақтың жан

Отбасы – адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі – дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп әкелу, екіншісі – дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

«Баланың құқық жөніндегі конвенцияда» отбасында баланың құқығын қорғау, оған қамқорлық жасау көрсетілген. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата- ананың, отбасы мүшелерінің қарым- қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата- ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке- бірлікті, түсінікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқығы қоралуы тиіс.

Тек осындай ізгілік мұраттар отбасында орын алғанда ғана, Отанын, елін- жерін сүйетін, өз ұлтының салт- дәстүрін, сонымен бірге жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды бойына сіңіріп, өзінің кісілік келбетін сақтай алатын тұлға тәрбиелеуге болады. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан да халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтпаған.

Ғасырлар бойы қазақ отбасында сақталған тәлімдік дәстүрлер мол. Сол дәстүрлер сабақтастығы бүгінгі бала тәрбиесінде жалғасын табуда.

А. С. Макаренко «Ата- анаға арналған кітабында»... «Бала тәрбиесінде сіздің іс- қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Отбасында орныққан қарым- қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата- анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді» деген.

Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата- баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі сабақтастыру болып табылады.

Әр отбасы ата тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, атқарған еңбегін құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа өнеге еткен, адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл- кеңес беріп, ата кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген. Туыстық, отбасылық қатынастарды бала кезінен қалыптастырған. Мысалы, ойын ойнау, көркемөнермен шұғылдану арқылы баланың айналасындағылармен қарым- қатынасын нығайтуды көздеген.